

**Ауызша сөйлеу мен  
жазбаша сөйлеу  
ерекшеліктерін  
салыстырмалы талдау**





Пікірлесудің қандай түрлері болса да, сөйлеу формалары арқылы жүзеге асып отырады.

**Сөйлеу** — адамның тілдік амалдар арқылы пікір, ой білдіру әрекеті.

Сөйлеу анатомиялық мүшелердің қатысуымен іске асқанымен, негізінен, адамның психикалық қабілетіне, қоғамдағы пікір алмасу тәжірибесіне сүйенеді.

**Сөйлеу**

*сыртқы*

*ішкі*

ауызша

жазбаша



***Ауызша сөйлеу*** — сөйлеудің негізгі түрі болғандықтан оның қалған түрлері де соның төңірегіне құрылады. Мәселен, жазу сөзіндегі әріптер ауызша сөздің түрлі дыбыстарын белгілейді.



# Диалогтық сөйлеу

Ауызша сөйлеудің негізгі бір түрі — диалогтық сөйлеу. Диалогтық сөйлеу дегеніміз екі немесе бірнеше адамның тілдесуі.



# Диалог сөздің кейбір психологиялық ерекшеліктері

төмендегідей:

**1) Диалог сөз бөгелмей еркін айтылады, ол ойды кең жайып жатуды тілейді;**

**2) Үнемі кезектесіп айтылатындықтан ықшам келеді, тек өңгімелесуші адамдардың өздеріне түсінікті болады. Мәселен, "келе жатқан тоғызыншы" деген сөйлемді осындай нөмірлі автобусты күтіп тұрған адамдар түсіне алады.**

**3) Диалогтық логикалық жағзы (жоспарлылығы, дәлелділігі т. б.) кемдеу болады;**

**4) Диалог сөз ым-ишаралармен, бет пен көздегі мәнерлі қозғалыстармен (қолдың, ауыздың, көздің, қабақтың қозғалысы т. б.) толықтырылады;**

# Монологтық сөйлеу

**Монологтық сөйлеу** дегеніміз бір адамның сөзі, яғни баяндамашының, лектордың сөздері. Мұнда бір адам оны тындап отырған екінші адамға немесе көп адамдарға қарап сөйлейді: бұл мұғалімнің әңгімесі, оқушының жауабы, баяндама және т.с.с. Монологтық сөйлеудің үлкен композициялық күрделілігі бар, ойдың аяқталуын, грамматикалық ережелерді қатаң сақтауды, монолог айтушының айтқысы келгендерінің қатаң логика мен жүйелілік пен баяндалуын талап етеді. Монолог сөзге тән кейбір психологиялық ерекшеліктері төмендегідей:

1) Монолог сөз үнемі белгілі жоспарға сәйкес құрылады, бұл алдын ала даярлықты тілейді;

2) Монолог сөздерге логикалық жағынан қатаң талаптар қойылады (мәселен, баяндамашы мен лектор сөзінің мағыналылығы мен түсініктілігіне ерекше көңіл бөледі);

3) Монолог сөз мәнерлі, өсер ететін моменттерді (сөзді сазына келтіріп айту) көбірек қажет етеді.



**Ауызша сөйлеуде (оның диалог және монолог түрлерінде де) қолданылады:**

**Актив сөздер**

**күнбе-күнгі жиі қолданылатын сөздер**

**Пассив сөздер**

**тілімізде сирек пайдаланатын, мағынасына түсінгенмен күн сайын айтылмайтын сөздер. Мұндай сөздерге көбінесе ғылыми-техникалық атаулар және ескірген сөздер жатады.**





**Сөйлеудің ерекше бір түрі — *жазбаша сөйлеу*. Жазбаша сөйлеу арнаулы әдістер арқылы меңгерілетін сөйлеудің түрі. Жазбаша сөйлеу адам баласы хат танырлықтай дәрежеге жеткенде, ауызша сөйлеудің біршама дамыған кезінде пайда бола бастайды. Жазбаша сөйлеудің түрлері мен стильдері әр алуан. Олардың бастылары ғылыми, публицистика, көркем әдебиет, іс-қағаздық т. б.**

## Жазбаша сөйлеудің кейбір ерекшеліктері:

*1) Жазатын адамның қасында сөйлесетін адам болмағандықтан, мұнда ешбір ым-ишара қолданылмайды.*

*•2) Жазбаша сөйлеудің логикалық жағына аса қатаң талап қойылады. Мәселен, белгілі тақырыпқа шығарма жазған кезде адам осындай талаптарды орындауға тырысады, көп ойланып, толғанады. Өйтпейінше, бұдан нәтиже шығару қиын.*

*3) Жазуда грамматиканың ережелері де қатты ескеріледі.*

*•4) Жазу кезінде адам қатты зейін қойып, әр сөзін ойлап құрастырады, мағыналы сөз іздейді.*

# *Ішкі сөйлеу*

Сөйлеудің жеке бір түрі — *ішкі сөйлеу*.

*Ішкі сөйлеу* деп тілдік материалдар негізінде дауыстамай-ақ сөйлей алушылықты айтады. Әр ұлттың өкілі қандай бір нәрсе туралы ойласа да, алдымен өз тілінде ойлайды. Осындай кезде адам ішкі сөйлеуді пайдаланады. Ішкі сөйлеу адамдармен тікелей қарым-қатынас жасауға арналмаған. Оны адам өзінің ойлау әрекетінің ішкі мақсаты үшін пайдаланады. Ішкі сөйлеуді сөйлеу аппаратының жасырын жұмысы деуге болады. Өйткені мұнда оның жұмысы жөнді еленбейді. Тек тиісті аспаптармен зерттегенде сөйлеудің осы түрінің де кинестезиялық тітіркендіргіштерге орай туып отыратындығы анықталған.



**Ішкі сөйлеу жөнінде И. М. Сеченов былай дейді: "Бес жастағы баланың ойы сөзбен немесе сыбырлап сөйлеумен немесе тіпті тілдің қозғалуы, еріннің жыбырлауымен айтылады. Мұның өзі ересек адамдарда да (тек түрлі дәрежеде болуы мүмкін) жиі кездеседі. Мен тіпті өзімнен де білемін: ойымның ауыздың жабық, қозғалмайтын күйінде тілсіз сөйлеумен, яғни ауыз қуысында тілдің бұлшық еттерінің қозғалуымен, қоса қабаттасуы өте жиі болады. Барлық жағдайда да басқалардың алдында бір ойға баса назар аударғым келсе, оны алдымен дереу сыбырлап айтып аламын" .**



**И. М. Сеченов**

**НАЗАР  
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!**

**Дайындаған:** Махамбет Мөлдір  
Геоботаника, 1-курс